

**Траншекаралық өзендерде ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын  
дамыту туралы Қытай Халық Республикасының Су  
шаруашылығы министрлігі және Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі арасындағы**

**КЕЛІСІМ**

Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Тараптар) Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында көршілес достық қарым-қатынастарды нығайту және одан әрі дамыту мақсатында,

2001 жылғы 12 қыркүйектегі трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Қытай Халық Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасындағы Келісімді негізге ала отырып,

трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау аумағында бірлескен ғылыми зерттеулер және техника алмасу жүргізудің қажеттігін атап көрсете отырып төмендегілер туралы келісті:

## 1 - бап

Тараптар трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласында бірлескен ғылыми зерттеулер мен техника алмасуды дамытуға келісім берді.

## 2 - бап

Тараптар мынадай салаларда трансшекаралық өзендер бойынша ынтымақтастықты алмасу мен дамытады:

1. Қыс мезгілінде бақылау және өлшеу нақтылығын арттыру әдістерін бірлесе зерттеу, гидрологиялық бақылау өлшемдерімен және техникамен дамыту.

2. Су ресурстарының көлемін бағалау және гидрологиялық талдау әдістерімен алмасуды дамыту.

3. Су сапасын бағалаудың бірыңғай әдістерін зерттеу, зертханалық жағдайда су сапасын зерттеу бойынша гидрохимиялық бақылау және техника алмасу жөніндегі ынтымақтастықты дамыту.

4. Судың сапасын және көлемін өзгерту тенденцияларының зерттеулерін өрістетуге.

5. Су экожүйелерін эволюциялық зерттеулерін дамыту.

6. Тараптармен келісілген басқа зерттеулер.

### 3 - бап

Тараптар осы Келісім шеңберінде ынтымақтастың мынадай нысандарын дамытады:

1. Екі тараптың тиісті ведомстволарының бірлескен зерттеулерін ұйымдастыру.
2. Екі елдің ғалымдары мен сарапшыларының өзара сапарлары және алмасуын ұйымдастыру.
3. Ынтымақтастық салалары бойынша баспасөз басылымдарымен, техникалық құжаттамамен өзара алмасу.
4. Тараптардың келісімі бойынша ынтымақтастықтың өзге де нысандары.

### 4 - бап

Бірлескен комиссия Ғылыми-зерттеу ынтымақтастығы және Тараптардың техникалық алмасу бағдарламасын бекіткеннен кейін Тараптардың тиісті ведомстволары немесе мердігерлік ұйымдары арасында келісімге қол қою жүзеге асады.

## **5 - бап**

Тараптар осы Келісімнің жүзеге асырылуына байланысты тиісті шығындарды жеке жұмсайды.

## **6 - бап**

Бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін, сондай-ақ ұсынылған ақпараттық материалдарды пайдалану Тараптармен қол қойылған Келісім шеңберінде анықталатын болады. Тараптардың келісімсіз үшінші Тарапқа кез келген материалдарды беруге немесе басқа жағдайларда пайдалануға жол берілмейді.

## **7 - бап**

Осы Келісімнің қайсыбір ережесі Тараптардың ешқайсының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігіне қатысты маңызды ақпаратты немесе деректерді беруге міндеттемейді.

## **8 - бап**

Осы Келісім Тараптары қатысушылары болып табылатын басқа

халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтар және міндеттермелерге ықпал етпейді.

#### **9 - бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және орындау кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар жолымен шешеді.

#### **10 - бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін олар Тараптармен бекітілген хаттамалармен немесе құжаттардың басқада түрлерімен рәсімделеді. Бұл өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.


#### **11 - бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 2001 жылғы 12 қыркүйекте қол қойылған трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Қытай Халық Республикасы Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметінің арасындағы Келісімің қызмет ету мерзімі ішінде күші бар.

Осы Келісім 2006 жылғы « 20 » желтоқсанда Пекин қаласында әрқайсы қытай, қазақ және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей.

**Қытай Халық  
Республикасының Су  
шаруашылығы министрлігі  
үшін**



**Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы министрлігі үшін**

